

**«ӨРКЕН» БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ» КеАҚ 2025-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

**Алматы, 2025**

## МАЗМҰНЫ

1. Төлқұжат	4
2. Сыртқы ортаны және ағымдағы жағдайды талдау	7
2.1. Елдегі балалардың әл-ауқатының қазіргі жағдайы	7
2.2. Балалардың әл-ауқатын жақсартудың жаһандық трендтері	9
2.3. Қазақстандағы балалардың әл-ауқатын жақсарту факторлары мен трендтері	10
2.4. Бүгінгі Өркен	11
2.5. SWOT талдауы	13
3. Миссия, болашағы, құндылықтар, қызметтің мақсаты мен принциптері, даму перспективалары	16
4. Ықпал ету субъектілерін ескере отырып, балалардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі институт қызметінің векторлары	18
5. «Өркен» БӘАҰҒПШ стратегиялық бағыттары	21
1-бағыт. Жас және ұрпақ ерекшеліктеріне байланысты эмоционалдық және мінез-құлық проблемаларын зерттеу бойынша қолданбалы зерттеулер негізінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етудің және психологиялық қолдаудың тиімді стратегияларын әзірлеу	21
2-бағыт. Балалардың әл-ауқатының индекcін зерттеу және жыл сайынғы бақылау	23
3-бағыт. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы педагогтер мен мамандардың кәсіби әлеуетін дамыту	25
4-бағыт. Ақпараттық және цифрлық ортада балалардың әл-ауқаты үшін жағдай жасау	26
5. ҚОЛДА БАР РЕСУРСТАР	27
5.1. Адами ресурстар	27
5.2. Материалдық-техникалық ресурстар	29
5.3. Қаржы ресурстары	30
6. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	31
7. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ	33
8. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ГЛОССАРИЙ	38

# 1. ТӨЛҚҰЖАТ

<b>Құжаттың атауы</b>	2025-2027 жылдарға арналған «Өркен» БӘАҰҒПИ» КеАҚ Даму стратегиясы
<b>Стратегияны әзірлеудің негіздемесі</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 70,71-баптар, 11-тарау.</li><li>2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы</li><li>3. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы</li><li>4. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</li><li>5. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы</li><li>6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы</li><li>7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы</li><li>8. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-I Заңы;</li><li>9. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңы;</li><li>10. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V Қазақстан Республикасының Заңы;</li><li>11.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;</li><li>12. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы;</li><li>13.Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы;</li></ol>

14. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы;
15. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауы;
16. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» Қазақстан халқына Жолдауы;
17. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы;
18. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы; №827;
19. «Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
20. «Балалардың әл-ауқатының индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №21-ө Өкімі.
21. «Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 508 қаулысы
22. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алудан және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы.
23. «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы («Қазақстанның кибер қалқаны»)
24. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет жұмысының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы.
25. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

	<p>26.«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.</p> <p>27.«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы қызметінің тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 5 наурыздағы № 55 бұйрығы.</p> <p>28.«ДосболLIKE» орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасын сынақтан өткізу жөніндегі кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 1 наурыздағы №52 бұйрығы.</p> <p>29.«Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары жанындағы психологиялық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 13.02.2024 жылғы №31 бұйрығы.</p> <p>30.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.10.03 № 415 бұйрығының жаңа редакциясында</p> <p>31.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.08.27 № 384 бұйрығының жаңа редакциясында.</p>
<b>Стратегияны әзірлеуші</b>	«Өркен» БЭАҰҒПИ» КеАҚ
<b>Стратегияның мақсаты</b>	Ғылым мен практиканың заманауи жетістіктерін интеграциялау негізінде білім беру жүйесінде тұлғаны дамытуды, тәрбиелеуді, әлеуметтендіруді психологиялық-педагогикалық қолдау саласында көшбасшы болу.
<b>Стратегияның міндеттері</b>	1.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде балалардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету және дамыту мақсатында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін енгізу.

	<p>2. Білім беру үдерісі жағдайында балалардың психологиялық әл-ауқатын мониторингтеу жүйесін жетілдіру және цифрландыру.</p> <p>3. Балалардың психологиялық әл-ауқаты саласындағы педагогтер мен ПҚО қызметкерлерінің қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.</p> <p>4. Мемлекеттік дамудың стратегиялық міндеттері мен білім беру жүйесінің қажеттіліктерін ескере отырып, педагогтар мен ПҚО қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған білім беру бағдарламаларын өзектендіру.</p> <p>5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға жәрдемдесу.</p> <p>6. Институттың ұйымдастырушылық құрылымын және басқарушылық, ғылыми және педагогикалық кадрларды жаңғырту тетіктерін, сондай-ақ инновациялық дамуды және қызметтердің халықаралық сапа деңгейін қамтамасыз ете алатын әлемдік деңгейдегі ғалымдар мен сарапшыларды тарту тетіктерін жетілдіру.</p> <p>7. Балалардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында педагогтерге, психологтерге, ата-аналарға және балаларға арналған цифрлық құралдарды, ақпараттық ресурстарды әзірлеу, жасау, енгізу және қолдау.</p> <p>8. Институтты республикалық, макроөңірлік және халықаралық деңгейде позициялау және ілгерілету, оның ішінде әзірленетін бағдарламаларды халықаралық сертификаттау арқылы.</p>
<b>Стратегияны іске асыру мерзімдері</b>	2025-2027 жылдар

## **2. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ**

### **2.1. ЕЛДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

2024 жылдың мамыр-желтоқсан айлары аралығында «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ Қазақстандағы балалардың әл-ауқатының индексіне ауқымды зерттеу жүргізді. Зерттеудің негізгі мақсаты елдегі балалардың өмір сүру сапасын бақылау және арттыру болды. Жұмыс барысында 30 000-нан астам респондентке, оның ішінде балаларға, ата-аналарға, мұғалімдер мен психологтерге сауалнама жүргізілді, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың статистикалық деректері пайдаланылды. Зерттеу

стратегиялық назар аударуды және тиісті шешімдерді қажет ететін бірқатар маңызды аспектіні анықтады.

### **Балалардың психикалық әл-ауқаты**

Зерттеу көрсеткендей, 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 16,6% - ы нашар психикалық жағдайдың белгілерін, соның ішінде ықтимал депрессияны сезінеді. 15 жасқа қарай бұл көрсеткіш 21,8% - ға дейін артады. Сонымен қатар, балалардың 27,4% - ы аптасына кемінде бір рет күйзеліске ұшырап, үнемі мазасыздық жағдайларына тап болады. Бұл деректер білім беру мекемелерінде психикалық денсаулықты қолдау бағдарламаларын кеңейту және жасөспірімдер арасында профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

### **Балалар арасындағы суицид**

2023 жылғы деректерді талдау көрсеткендей, балалар суицидінің көрсеткіші 100 мың балаға 10,15 құрады, бұл 2022 жылғы деңгейден 31% - ға жоғары. Ең көп жағдай Түркістан (45 жағдай) және Жамбыл (22 жағдай) облыстарында тіркелді. Айта кетсек, өз-өзіне қол жұмсаған балалардың 85% - ы толық отбасыларда тәрбиеленген, ал 40% жағдайда себептері анықталмаған. Деректер суицидтік тәуекелдерді ерте анықтау және уақтылы психологиялық көмек көрсету бағдарламаларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

### **Балалар өлімі**

2024 жылы нәресте өлімі 1000 тірі туылғандарға шаққанда 7,67-ден 6,8-ге дейін төмендеді. Өлімнің негізгі себептеріне мерзімінен бұрын босану, инфекциялар және ұрықтың асфиксиясы жатады. Ең жоғары көрсеткіштер Ақтөбе облысында (9,64), ал ең төмен көрсеткіштер Астанада (5,28) тіркелді. Сыртқы себептерден болатын өлім-жітім күйік салдарынан 54%, механикалық асфиксия салдарынан 26%, апат пен құлау салдарынан 20% құрады. Осыған байланысты балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша ата-аналарға профилактикалық іс-шаралар мен білім беру науқандарын жүргізу маңызды.

### **Балалардың киберқауіпсіздігі**

Зерттеу көрсеткендей, балалардың 73,9% – ы ТікТок-ты, ал 50,5% - ы Instagram-ды белсенді қолданады. Мектеп оқушыларының жартысынан көбі (51,3%) ДДҰ ұсынған экранды пайдалану уақытынан асып түседі, бұл күніне 2 сағатты құрайды. Балалардың шамамен 11,7% - ы жыныстық мазмұнға тап болды, ал 2,4% - ы жыныстық қатынас туралы ұсыныстар алды. 2023 жылы «Кибернадзор» жүйесі деструктивті мазмұнға қатысты 166 мың сілтемені бұғаттады. Бұл деректер цифрлық сауаттылық пен қауіпсіздік шараларын күшейту қажеттілігін көрсетеді.

### **Жағдайды жақсарту шаралары**

Анықталған проблемаларға жауап ретінде «Өркен» институты мынадай бастамаларды әзірлеп, енгізуде: балалар арасында суицидтің алдын алу психоэмоционалды салауаттылық бойынша білім беру бағдарламаларын енгізуді және психикалық денсаулық мәселелері бойынша педагогтер мен психологтердің біліктілігін арттыруды қамтиды. Сәбилер өлімін азайту үшін ата-аналарға сәбилерге күтім жасау мәселелері бойынша ақпараттық-ағарту іс-шаралары жүргізіледі, сондай-ақ жаңа туған нәрестелерге медициналық көмек көрсету бойынша ұсынымдар әзірленеді. Киберқауіпсіздік саласында балалар мен ата-аналарға интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша түсіндіру науқандары ұйымдастырылады, сондай-ақ цифрлық сауаттылықты арттыру үшін онлайн-курстар мен мобильді қосымшалар әзірленуде.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге жүйелі көзқарастың маңыздылығын көрсетеді. «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ жұмысы негізгі әлеуметтік мәселелерді шешуге және балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы орта құруға бағытталған. Айтылған ұсынымдарды іске асыру және жаңа стратегияларды енгізу балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ете отырып, олардың өмір сүру сапасын арттыруға көмектеседі. Алдағы жұмыс шеңберінде сектораралық өзара іс-қимылды күшейту және Қазақстан Республикасында балалардың әл-ауқатының көрсеткіштерін ұзақ мерзімді жақсартуға бағытталған дәлелдемелік саясатты енгізу жоспарлануда.

## **2.2. БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕРІ**

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету – отбасылар, қауымдастықтар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар тарапынан бірлескен күш-жігерді талап ететін кешенді міндет. Соңғы жылдары осы саладағы бірнеше негізгі жаһандық трендтер байқалды:

### **Инклюзивтілік және әртүрлілік**

Тәрбие мен білім берудің заманауи тәсілдері әр баланың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтардың ерекше қажеттіліктерін ескереді. Нәсіліне, жынысына, дініне, әлеуметтік тегіне және жыныстық бағдарына байланысты кемсітушілікпен күресуге көбірек көңіл бөлінуде.

### **Балалардың психикалық денсаулығы**

Балалардың психикалық денсаулығын ерте анықтау мен қолдаудың маңыздылығын түсіну артып келеді. Балалар мен жасөспірімдерге көмек сұрауға көмектесу үшін психикалық ауруларды дестигматизациялау науқандары жүргізілуде.

### **Интернет кеңістігіндегі балалардың қауіпсіздігі**

Цифрлық технологияларды пайдаланудың өсуімен онлайн-кеңістікте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті бола түсуде. Балалардың цифрлық дағдыларын дамыту маңызды, осылайша олар технологияны тиімді пайдалана отырып, өз әл-ауқатын сақтай алады.

## **Тұрақты даму**

Балалардың экологиялық жауапкершілігін тәрбиелеу тұрақты болашақты қамтамасыз ету үшін маңызды бола түсуде. Балалар әлеуметтік әділеттілік пен теңдік қағидаттарына негізделген қоғамда өсуі керек.

## **Цифрландыру және технологияны қолдану**

Цифрлық технологияларды білім беру процестеріне (оқыту, дамыту, тәрбиелеу) біріктіру мыналарды қамтиды: тенденцияларды анықтау, проблемаларды диагностикалау және шешім қабылдау үшін оқушылардың оқу және даму деректерінің үлкен көлемін жинау және талдау; диагностика, мониторинг және нәтижелерді талдау үшін цифрлық жүйелерді пайдалану.

## **Өмір бойы оқыту**

Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогтерін; балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың мамандарын; психологиялық қолдау орталықтарының қызметкерлері мен ата-аналарды үздіксіз оқыту (Life-Long Learning).

## **Ақпаратты құру және тұтыну тәсілдері**

Бұл бағыттағы жетекші трендтер пайдаланушыларға контентті басқаруға, цифрлық ортаға енуге мүмкіндік беретін контентті, интерактивті технологияларды құруда, басқаруда және таратуда жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану болып табылады; цифрлық құралдардың икемділігі; контентті құру мен таратудағы этика мен жауапкершілік.

## **Серіктестік және ынтымақтастық**

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және әділет сияқты әртүрлі секторлар арасында тығыз ынтымақтастық қажет. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету процесіне жергілікті қауымдастықтарды, отбасыларды және балалардың өздерін тарту маңызды.

## **2.3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ТРЕНДТЕРІ**

### **ФАКТОРЛАР**

Қазақстанда балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстандағы балалардың әл-ауқатына әсер ететін факторларға мыналар жатқызылуы керек:

- **әлеуметтік-экономикалық жағдайлар.** Отбасылардың өмір сүру деңгейі, сапалы қызметтердің қолжетімділігі, жұмыссыздық деңгейі – мұның бәрі балалардың әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді.
- **Мәдени ерекшеліктер:** балаларды тәрбиелеуде қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі салт-дәстүрлері, құндылықтары мен әдет-ғұрыптары жетекші рөл атқарады.
- **Көші-қон:** көші-қон процестері, әсіресе ішкі көші-қон, балалардың

әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін жаңа қиындықтар туғызады.

- **Цифрлық технологияның өсіп келе жатқан әсері.** Бұл әсер балалардың өмірі мен дамуының көптеген аспектілерінде көрінеді: физикалық және психикалық денсаулық, білім беру, дағдыларды дамыту, әлеуметтену, оң және теріс аспектілерде.
- **Жаһандану:** жаһандық процестер – табиғи, саяси, экономикалық, мәдени, білім беру саласында – бүкіл әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы балалардың өміріне әсер етеді.

2022 жылы бекітілген Қазақстан балаларының әл-ауқатының индексі балалардың әл-ауқатын және әртүрлі салалардағы балалар үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалауды жүргізу мақсатында әзірленді.

Балалардың әл-ауқатының индексі мемлекеттік органдарға, қоғамға балалардың әл-ауқатына байланысты мәселелерге уақтылы ден қоюға, осы бағытта тиімді мемлекеттік саясат құруға мүмкіндік беретін тетік болып табылады.

## **НЕГІЗГІ ТРЕНДТЕР**

**1. Инклюзивті білім беру.** Инклюзивті білім беру ортасын құруға көбірек көңіл бөлінеді, мұнда әр бала өзінің ерекшеліктеріне қарамастан оқу мен дамудың тең мүмкіндіктеріне ие.

**2. Балалардың психикалық денсаулығына қамқорлық.** Балалардың психикалық денсаулығы мәселесі мемлекеттік деңгейде көбірек көтерілуде. Жәбірлеуге (буллингке), деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың басқа түрлеріне ерте көмек көрсету және алдын алу бағдарламалары әзірленуде, психологиялық қолдау орталықтары құрылуда.

**3. Цифрлық қауіпсіздік.** Технологияның дамуымен балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Балаларды интернеттегі қауіпсіз мінез-құлыққа үйретуге бағытталған ақпараттық кампаниялар жүргізілуде.

**4. Баланың құқықтарын қорғау.** Бала құқықтарын зорлық-зомбылық пен қанаудың барлық түрлерінен қорғау күшейтілуде. Балаларға қарсы қылмыстардың алдын алуға және қудалауға бағытталған жаңа заңдар мен бағдарламалар әзірленуде.

**5. Отбасыларды әлеуметтік қолдау.** Мемлекет бала тәрбиелеп отырған отбасыларға үлкен қолдау көрсетуде. Өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды қолдау бағдарламалары және жетім балалардың отбасылық құрылымын ынталандыру бағдарламалары әзірленуде. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламалары әзірленіп, енгізілуде.

**6. ҚР орта білім беру жүйесінде балаларды әлеуметтік-эмоционалды оқыту бағдарламаларын** әзірлеу және енгізу.

**7. Педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларының** білім алушылардың психологиялық саулығын және жеке тұлғасының жан-жақты дамуын, сыни ойлау, коммуникациялық дағдылар, өзін-өзі ұйымдастыру, шығармашылық ойлау және т.б. сияқты құзыреттерді қамтамасыз етуге бағытталуы.

**8. Ведомствоаралық ынтымақтастық.** Балалық шақ проблемаларын тиімді шешу үшін әртүрлі мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру бойынша белгілі бір шаралар қабылдануда.

## **2.4 БҮГІНГІ ӨРКЕН**

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 324қбп қаулысы негізінде құрылды. «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ болып қайта аталуы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 8 қаңтардағы № 3 бұйрығы негізінде жүргізілді.

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» (бұдан әрі – Институт) Қазақстандағы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін дамытудың драйвері болуға, қазақстандық балалардың әл-ауқатының деңгейін ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне дейін арттыруға жәрдемдесуге бағытталған.

Қызметтің мақсаты мен міндеттерін негізге ала отырып, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ құрылымы айқындалды, оған мыналар кіреді:

- ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және қолданбалы зерттеулер департаменті,
- психологиялық-педагогикалық диагностика басқармасы,
- білім беру қызметі департаменті,
- стратегиялық жоспарлау, талдау және мониторинг департаменті,
- ақпараттық технологиялар департаменті.

Институттың, оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылықты «Өркен» БӘАҰҒПИ КеАҚ президенті, вице-президенттер жүзеге асырады.

«Өркен» институты келесі стратегиялық бағыттар бойынша қызмет атқарады:

1. Жас және ұрпақ ерекшеліктеріне байланысты эмоционалдық және мінез-құлық проблемаларын зерттеу бойынша қолданбалы зерттеулер негізінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етудің және психологиялық қолдаудың тиімді стратегияларын әзірлеу.

2. Балалардың әл-ауқатының индекcін зерттеу және жыл сайынғы бақылау.

3. Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы педагогтер мен мамандардың кәсіби әлеуетін дамыту.

4. Ақпараттық және цифрлық ортада балалардың әл-ауқаты үшін жағдай жасау.

Стратегиялық бағыттар балалардың құқықтарын қорғау және елдегі балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы проблемаларды шешуге бағытталған.

Қызметтің осы бағыттарын іске асыру мынадай жобалар мен бағдарламалар форматында жүзеге асырылады:

- өңірлік психологиялық қолдау орталықтарының жүйесін әзірлеу; «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы;
- «ДосболLIKE» білім беру ұйымдарында білім алушыларды жәбірлеудің (буллингтің) алдын алу бағдарламасы;
- «Менің бауырым» жобасы;
- жеке қауіпсіздік сабақтары;
- балалардың құқықтарын қорғау және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту;
- аналитика және мониторинг.

Аталған қызмет бағыттарын іске асырудың арқасында қазақстандық қоғамда балалардың әл-ауқатының деңгейін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасалып, суицидтің, аутодеструктивті, девиантты мінез-құлық көріністерінің төмендеуіне, құқық бұзушылықтар мен қылмыстар санының азаюына (оның ішінде буллинг, кибербуллинг), өмірлік қиын жағдайдағы балалар санының азаюы бойынша тұрақты үрдіс қамтамасыз етіледі.

## 2.5 SWOT-ТАЛДАУ

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
<p><b>1. Қызметінің өзектілігі:</b> Институт білім беру ұйымдарында балалардың әлеуметтік-психологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды, осы бағыттағы отбасымен өзара іс-қимыл жөніндегі жобаларды әзірлейді және енгізеді, бұл қоғамның өзекті қажеттіліктеріне жауап және мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.</p> <p><b>2. Ғылыми-әдістемелік әлеует:</b> Қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, мониторинг жүйелерін, балалардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету саласындағы әдістемелік материалдарды әзірлеу үшін білікті мамандардың болуы.</p> <p><b>3. Тәжірибеге бағдарлау:</b></p>	<p><b>1. Институт қызметінің бағыттарын қамтамасыз етудегі құрылымдық теңгерімсіздік.</b></p> <p><b>2. Бірыңғай мониторинг жүйесінің болмауы:</b> Іске асырылып жатқан жобалардың тиімділігін бағалау үшін неғұрлым егжей-тегжейлі жүйені әзірлеу қажет.</p> <p><b>3. Ресурстардың шектеулілігі:</b> Барлық жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру үшін қаржылық және материалдық ресурстардың шектеулілігі, әсіресе аймақтарда.</p> <p><b>4. Өңірлердің аз тартылуы:</b> Білім беру ұйымдарының бағдарламаларды іске асыруға уәждемесінің жеткіліксіздігі.</p> <p><b>5. Цифрлық платформаның болмауы:</b></p>

<p>Әзірленген бағдарламалар мен материалдар практикалық бағытқа ие және білім беру процесіне сәтті енгізілуде.</p> <p><b>4. Жобаларды табысты іске асыру:</b> «ДосболLIKE» бағдарламасы, ата-аналарды педагогикалық қолдаудың жұмыс істеп тұрған орталықтары, психологиялық қолдау орталықтарын құру институт жұмысының тиімділігін көрсетеді.</p> <p><b>5. Педагогтердің біліктілігін артыру бағдарламаларын іске асыру тәжірибесі:</b> Білікті оқытушылар құрамының болуы; тәжірибеге бағдарлану және іске асырылатын білім беру бағдарламаларының кең ауқымы.</p> <p><b>6. Түрлі субъектілермен өзара іс-қимыл:</b> Институт қызметі білім беруді басқару органдарымен, білім беру мекемелерімен, халықаралық және қоғамдық ұйымдармен өзара байланыста жүзеге асырылады.</p> <p><b>7. Заманауи технологиялардың интеграциясы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>■ Білім беру ұйымдарының қызметін диагностикалау, талдау және мониторингтеу, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу үшін цифрлық құралдарды пайдалану.</li> <li>■ Мұғалімдерге, ата-аналарға және балаларға арналған әртүрлі контентті әзірлеу, орналастыру, сайтта үнемі жаңартып отыру; іс-шараларға (вебинарлар, семинарлар, конференциялар) техникалық қолдау көрсету; әлеуметтік желілерде белсенді болу аудиториямен тікелей байланыста болуды қамтамасыз етеді.</li> </ul>	<p>Жеке цифрлық платформаның болмауы білім беру ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық климатты диагностикалау, талдау және бақылау үшін цифрлық құралдарды пайдалану мүмкіндіктерін шектейді; ■ контенттің орталықтандырылған басқарылу, пайдаланушылар туралы аналитика жинау мүмкіндіктері.</p> <p><b>6. Материалдық-техникалық базаның шектеулілігі:</b> ■ контент жасау үшін ескірген аппаратураны пайдалану бейнематериалдар мен кескіндердің сапасын төмендетеді; ■ бұлтты ресурстардың жетіспеушілігі мазмұнның үлкен көлемін сақтау және оны тиімді басқару мүмкіндігін шектейді.</p> <p><b>7. Басқа ведомстволармен интеграцияның жеткіліксіздігі:</b> Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі білім беру мен әлеуметтік саясатқа жауапты басқа ведомстволармен неғұрлым тығыз өзара іс-қимыл форматтарын енгізу талап етіледі.</p>
<p><b>ИНСТИТУТТЫҢ СЫРТҚЫ ОРТАСЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ</b></p>	<p><b>ИНСТИТУТТЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУІ МҮМКІН ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР</b></p>

**1. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту:**

Халықаралық жобаларға қатысу және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу, үздік тәжірибелерді бейімдеу және енгізу үшін халықаралық тәжірибені тарту.

**2. Цифрлық технологияларды дамыту:**

■ Жұмыс тиімділігін арттыру және мақсатты аудиторияға жету үшін цифрлық платформалар мен құралдарды пайдалану,

■ мониторингтік зерттеулерді талдау үшін жасанды интеллектіні енгізу,

■ қашықтан оқыту және мамандарға кеңес беру үшін онлайн-платформалар құру.

**3. Білім берудегі психологияның ролін арттыру:** Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығына, олардың психологиялық әл-ауқатына деген қызығушылықты арттыру жас ұрпақтың дамуына жаңа мүмкіндіктер туғызады.

**4. Мемлекеттік қолдау:** Мемлекет тарапынан қолданыстағы зерттеу және дамыту гранттары форматында қолдау жүзеге асырылады.

5. Халықаралық орталықтардағы балалардың психологиялық әл-ауқаты мәселелері бойынша жетекші институт қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейін және осы саладағы үздік шетелдік тәжірибелерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**6. Материалдық-техникалық базаға инвестициялау:** Жабдықты жаңарту, заманауи цифрлық құралдарға көшу, жұмыс процестерінің бір бөлігін автоматтандыру контенттің сапасын

**1. Тұрақсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай:**

экономикалық дағдарыстар жобаларды қаржыландыруға теріс әсер етуі мүмкін.

**2. Заңнамалық және нормативтік базадағы өзгерістер:** заңнамадағы, нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістер қолданыстағы бағдарламалар мен жобаларды түзетуді талап етуі мүмкін.

**3. Мемлекеттік тапсырысқа қаржылық тәуелділік.**

**4. Ішкі тәуекелдер:**

■ бөлімшелер арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі;

■ ресурстарды тиімсіз пайдалану.

**5. Басқа ұйымдармен бәсекелестік:** Ұқсас профильдегі балама ұйымдардың пайда болуы бәсекелестікті күшейтуі мүмкін.

**6. Мақсатты аудиторияның қызығушылығының төмендігі:** Мұғалімдер мен ата-аналардың психологиялық әл-ауқат мәселелеріне шектеулі назар аударуы.

**7. Технологияны жаңартудың жоғары қарқыны:** Ескірген жабдықтар немесе жұмыс әдістері бәсекелестердің артта қалуына және аудиторияның қызығушылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

**8. Сыртқы қызмет көрсетушілерге және сыртқы техникалық қолдауға тәуелділік:** Сыртқы қызметтердің сенімділігіне немесе олардың қызмет көрсету шарттарындағы өзгерістерге байланысты тәуекелдер болуы мүмкін.

### **3. МИССИЯСЫ, БОЛАШАҒЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ, ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**МИССИЯСЫ:** балалардың әл-ауқаты мен үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

#### **БОЛАШАҒЫ:**

Қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне бейімделген балаларды қолдау стандарттарын қалыптастыратын балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі стратегиялық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру саласындағы жетекші ғылыми-практикалық орталыққа айналу.

#### **ҚҰНДЫЛЫҚТАР:**

- **Руханият** – жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жоғары өмірлік мағыналарға, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ұмтылу.
- **Үздіксіз даму** – қоғам балалар мен оқушы жастардың адамгершілік-рухани білімін дамытуда жаңа сапалы деңгейге көтерілетін барлық процестердің бағытталған, заңдық өзгеруі.
- **Жауапкершілік** – өз жұмысының нәтижелері, ғылыми-практикалық және білім беру қызметінің сапасы үшін қоғам алдында жауап беру қажеттілігін түсіну.
- **Әдептілік** – өзіне, серіктестеріне, әріптестеріне қатысты дәйекті әрі адал ұстанымды сақтау, жалпыадамзаттық құндылықтарға, берік адамгершілік қағидаттарына және этикалық нормаларға сүйену.

#### **ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ:**

Қазақстандық балалардың әл-ауқатының деңгейін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеу және енгізу.

#### **ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ**

- **Зандылық** – «Өркен» БӘАҰҒПИ өз қызметін ҚР Конституциясына, ҚР заңнамасына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдеріне, «Өркен» БӘАҰҒПИ жарғысына қатаң сәйкес жүзеге асырады.
- **Алқалылық** – шешімдерді «Өркен» БӘАҰҒПИ басқару органдары олардың функцияларына сәйкес алқалы түрде қабылдайды.
- **Инновациялылық** – «Өркен» БӘАҰҒПИ қызметі жеке тұлғаны дамыту, балалардың әл-ауқаты мен қолдауы саласындағы қызметті ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге арналған.
- **Транспаренттілік** – «Өркен» БӘАҰҒПИ қызметі туралы дұрыс ақпаратты қамтамасыз ету, қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін қызмет бағыттары бойынша міндетті ашықтық.

- **Ынтымақтастық** – ортақ мақсатты түсінуге, өзара ізгі ниетпен, өзара сеніммен және бір-бірінің қадір-қасиетін мойындауда көрініс табатын рухани-адамгершілік бірлікке негізделген «Өркен» БӘАҰҒПИ барлық қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынастың негізгі қағидаты.
- **Меритократия** – «Өркен» БӘАҰҒПИ басқару қағидатын басшылыққа алады, оған сәйкес ұйымда әртүрлі деңгейдегі басшылар қажетті кәсіби құзыреттіліктері мен адалдық, әділдік, адамгершілік сияқты адамгершілік қасиеттерге ие адамдар болуы тиіс.

#### ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ:

- Даму, тәрбиелеу және әлеуметтендіру процесінде білім алушыларды психологиялық сүйемелдеудің тиімді ғылыми-негізделген жүйесін құруда институттың сараптамалық, зерттеу, әдістемелік, ұйымдастырушылық әлеуетін іске асыру
- балалардың психологиялық әл-ауқатын мониторингілеу мен бағалаудың ұлттық стандарттарын әзірлеу және енгізу;
- заманауи цифрлық технологияларды зерттеу, мониторинг, білім беру процестеріне интеграциялау; қызметкерлердің цифрлық құзыреттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу;
- педагогтердің, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар мамандарының, психологиялық қолдау орталықтары қызметкерлерінің және ата-аналардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатын ақпараттық-ресурстық қамтамасыз етудің кең спектрі (цифрлық платформалар, әртүрлі мазмұн, инновацияларды енгізу).

#### **4. БЫҚПАЛ ЕТУ СУБЪЕКТІЛЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ИНСТИТУТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ВЕКТОРЛАРЫ**

Сын-тегеуріндер мен жылдам өзгерістерге толы қазіргі әлемде балалардың психологиялық әл-ауқаты ерекше маңызға ие. Қолдаушы және дамытушы ортаны құрмай-ақ үйлесімді, табысты және стреске төзімді тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Психологиялық әл-ауқат – бұл проблемалардың болмауы ғана емес, бұл ішкі үйлесімділік, өзіне деген сенімділік және өмірдегі қиындықтарды жеңе білу. Оған эмоционалды тұрақтылық, позитивті өзін-өзі позитивті бағалау, дамыған әлеуметтік дағдылар және салауатты қарым-қатынас орнату мүмкіндігі кіреді. Бұл жағдайға жетуде білім беру процесінің барлық қатысушылары: мұғалімдер, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара әрекеттесу шешуші рөл атқарады. Тек жалпы күш-жігердің нәтижесінде әр бала өзінің әлеуетін ашуға, қиындықтармен күресуге және басқалармен жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алады.

**Балалардың психологиялық әл-ауқатына әсер ету субъектілерін ескере отырып, «Өркен» БӘАҰҒПИ қызметінің бағыттары тығыз өзара іс-қимыл мен өзара түсіністікке негізделген тиімді психологиялық сүйемелдеу моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Педагогтердің психологиялық құзыреттілігін**

қалыптастыруға, ата-аналарды белсенді тартуға және балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады.

### **«Балалар-Педагогтер» өзара әрекеттесуі**

Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша педагогтердің қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету: даму проблемаларын, қарым-қатынасты, мінез-құлықтағы ауытқуларды ерте анықтау және түзету; балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту; сыныпта және мектепте қолайлы психологиялық ахуал құру.

Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу және педагогтардың біліктілігін арттыру.

Дарынды балалар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоса алғанда, оқушылардың әртүрлі жас топтары мен санаттары үшін психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету сапасын арттыру және білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету үшін психологиялық қолдау орталықтарының (ПҚО) қызметін үйлестіру.

Білім беру ұйымдарында, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету шарттарының мониторингі.

Педагогтер, педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер үшін цифрлық ресурстарды әзірлеу (видеоматериалдар, электрондық құралдар, графикалық дизайн өнімдері); вебинарлар, семинарлар, шеберлік сыныптары, тренингтер, дөңгелек үстелдер, тікелей эфирлер форматында озық тәжірибені ілгерілету; балаларға арналған белсенді нысандарды (челленджер, флешмобтар, акциялар, көшпелі квестер, конкурстар, фестивальдар, мейнстримдер, клубтар).

### **«Балалар – Мектеп» өзара әрекеттесуі**

Балалар ұжымында тұлғааралық қатынастарға социологиялық зерттеулер жүргізу. Білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту.

Мыналарға бағытталған бағдарламаларды құру және ілгерілету:

- тиімді қарым-қатынас, жанжалдарды шешу, командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- эмпатияны, басқаларға құрмет көрсетуді, төзімділікті, өміршеңдікті, асертивтілікті, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту;
- сыныпта достық атмосфераны қалыптастыру, өзара көмек және қолдау;
- зорлық-зомбылықтан бас тарту мәдениетін қалыптастыру.

Білім алушылар үшін қауіпсіз, қолайлы білім беру ортасын құру мақсатында педагогтердің, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту жөніндегі бағдарламаларды, тренингтерді құру және ілгерілету.

Білім алушылар үшін цифрлық ресурстарды (бейнематериалдар, графикалық дизайн өнімдері) әзірлеу.

Балаларға арналған өңірлік және республикалық челленджерді, флешмобтарды, акцияларды, көшпелі квестерді, конкурстарды, фестивальдерді, мейнстримдерді ұйымдастыру және өткізу.

### **«Балалар – Отбасы» өзара әрекеттесуі**

Педагогикалық қолдау орталықтары арқылы ата-аналарға, отбасы мүшелеріне, балалардың өзге де заңды өкілдеріне көмек көрсету:

ата-аналарға, әртүрлі жас топтарындағы балалардың өзге де заңды өкілдеріне арналған сабақтар мен тренингтерді қамтитын тәжірибелік-бағытталған бағдарламаларды әзірлеу

- сенімді балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын дамыту, қолайлы отбасылық атмосфераны құру;
- балалардың эмоционалды жағдайын және баланың жағдайы мен мінез-құлқында проблемалар туындаған кезде мамандарға уақтылы жүгіну қажеттілігін түсіну;
- балалардың өзін-өзі реттеу, жауапкершілік және өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамыту.
- балаларға оқуда қолдау көрсету, жан-жақты даму үшін жағдай жасау.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының (АПҚО) қызметіне, ата-аналардың балаларының білім беру процесіне қатысуына мониторинг жүргізу.

Ата-аналарға арналған ақпараттық арналарды (Telegram) жүргізу және ілгерілету, бейнеконференциялар, тікелей эфирлер өткізу, ата-аналарға, отбасы мүшелеріне, балалардың өзге де заңды өкілдеріне арналған цифрлық ресурстарды әзірлеу.

### **«Мектеп – Отбасы» өзара әрекеттесуі**

Педагогтер мен ата-аналардың, отбасы мүшелерінің, балалардың өзге де заңды өкілдерінің өзара іс-қимыл мәселелерін зерделеу, білім беру бағдарламаларын құру және педагогтерді оқушылардың отбасыларымен өзара іс-қимылдың тиімді әдістеріне оқыту.

Ата-аналардың, балалардың өзге де заңды өкілдерінің оларды тәрбиелеу мен дамытудағы құзыреттілігін арттыру, балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайту бойынша педагогтерге арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Ата-аналарға, балалардың өзге де заңды өкілдеріне оларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту, балалар-ата-аналар қатынастары проблемаларын шешу мәселелері бойынша кеңес беру.

Диагностика нәтижелері және психологиялық қолдау бағдарламалары туралы ата-аналарды хабардар ету.

